

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 554 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 43, 475-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттің 2007 жылға арналған қызметіне ақы төлеу 68400000 (алпыс сегіз миллион төрт жүз мың) теңге мөлшерінде бекітілсін.";

3 - т а р м а қ т а :

"2006" деген сандар "2007" деген сандармен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану ережесінде:

3-тармағында», өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелерін және сақтандырушының өтеген сақтандыру төлемін растайтын құжаттарды (төлем тапсырмасының түпнұсқасын, сақтандырушының мөрімен куәландырылған шығыс ордерінің телнұсқасын)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі